

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күші жойған

Түркістан облысы Қазығұрт ауданы Сабыр Рақымов ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 7 қарашадағы № 25 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 11 қарашада № 30500 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Қазығұрт ауданы Сабыр Рақымов ауылдық округі әкімінің 2023 жылғы 4 қаңтардағы № 1 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Қазығұрт ауданы Сабыр Рақымов ауылдық округі әкімінің 04.01.2023 № 1 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі).

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Қазығұрт аудандық аумақтық инспекция басшысының 2022 жылғы 22 қазандағы № 02-05/333 ұсынысы негізінде, ШЕШТІМ:

1. Түркістан облысы Қазығұрт ауданы Сабыр Рақымов ауылдық округі Қызылата ауылы Ә.Дәулетұлы № 94-111 көшелерінің аумағына мүйізді ұсақ малдар арасында бруцеллез ауруының шығуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

С.Рақымов ауылдық округінің әкімі

С. Макулбаев